

"Еңбекпен табылмаған сыйлықақылар, болмаған залалдар, мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар, болған, бірақ мәлімделмеген залалдар бойынша сақтандыру резервтері мөлшерінің Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы қорытындыны ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 6 ақпандағы № 130 және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 26 ақпандағы № 23 бірлескен бұйрығына және қаулысына өзгерту енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 13 қарашадағы № 1256 және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 228 бірлескен бұйрығы мен қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 29 қарашада № 19666 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 25 қарашадағы № 724 және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2025 жылғы 27 қарашадағы № 74 бірлескен бұйрығы және қаулысымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 25.11.2025 № 724 және ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 27.11.2025 № 74 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығы және қаулысымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бірлескен бұйрық және қаулы 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі!

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасының Қаржы министрі БҰЙЫРАДЫ және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Еңбекпен табылмаған сыйлықақылар, болмаған залалдар, мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар, болған, бірақ мәлімделмеген залалдар бойынша сақтандыру резервтері мөлшерінің Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы қорытындыны ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 6 ақпандағы № 130 және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 26 ақпандағы № 23 бірлескен бұйрығына және қаулысына (нормативтік құқықтық

актілердің мемлекеттік тіркеу реестрінде № 16569 тіркелген, нормативтік құқықтық актілердің Эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 26 наурызда жарияланған) келесі өзгерту енгізілсін:

аталған бірлескен бұйрық және қаулымен бекітілген Еңбекпен табылмаған сыйлықақылар, болмаған залалдар, мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар, болған, бірақ мәлімделмеген залалдар бойынша сақтандыру резервтері мөлшерінің Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы қорытындыны ұсыну қағидалары осы бірлескен бұйрығының және қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрық және қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрық және қаулыны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бірлескен бұйрық және қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрық және қаулы 2020 жылғы 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануына жатады.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары -
Қазақстан Республикасы Қаржы министрі
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
Төрағасы*

Бірлескен
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
Бірінші орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2019 жылғы 13 қарашадағы
№ 1256 бұйрығына және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 29 қарашадағы
№ 228 қаулысына
қосымша
Бірлескен
Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің
2018 жылғы 6 ақпандағы
№ 130 бұйрығымен және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2018 жылғы 26 ақпандағы
№ 23 қаулысымен
бекітілген

Еңбекпен табылмаған сыйлықақылар, болмаған залалдар, мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар, болған, бірақ мәлімделмеген залалдар бойынша сақтандыру резервтері мөлшерінің Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы қорытындыны ұсыну қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Еңбекпен табылмаған сыйлықақылар, болмаған залалдар, мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар, болған, бірақ мәлімделмеген залалдар бойынша сақтандыру резервтері мөлшерінің Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы қорытындыны ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық кодексі) 22-бабының 8-тармағына және 26-бабының 9-тармағына сәйкес әзірленді және еңбекпен табылмаған сыйлықақылар, болмаған залалдар, мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар, болған, бірақ мәлімделмеген залалдар бойынша сақтандыру резервтері мөлшерінің Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы қорытындыны ұсыну тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидалардың шеңберінде пайдаланылатын ұғымдар "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қолданылады.

2-тарау. Еңбекпен табылмаған сыйлықақылар, болмаған залалдар, мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар, болған, бірақ мәлімделмеген залалдар бойынша сақтандыру резервтері мөлшерінің Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы қорытындыны ұсыну тәртібі

3. Мемлекеттік кірістер органдары салықтық тексеру барысында Салық кодексінің 250-бабының 5-тармағына сәйкес корпоративтік табыс салығы (бұдан әрі – КТС) бойынша сомаларды айқындау үшін тексерілетін салық төлеушіге

қатысты еңбекпен табылмаған сыйлықақылар, болмаған залалдар, мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар, болған, бірақ мәлімделмеген залалдар бойынша сақтандыру резервтері мөлшерінің Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы қорытындыны алу бойынша қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органымен (бұдан әрі – уәкілетті орган) өзара іс-қимыл жасайды.

4. Уәкілетті органға мемлекеттік кірістер органдары жіберген сұрау салуда мынадай мәліметтер:

1) Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының деректемелері (атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН);

2) тексерілетін салық кезеңі;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы бастапқы бухгалтерлік құжаттарда және КТС бойынша декларацияларда көрсеткен есепті салық кезеңінің соңындағы және өткен жылдың есепті салық кезеңінің соңындағы еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар, болмаған залалдар, мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар, болған, бірақ мәлімделмеген залалдар бойынша сақтандыру резервтерінің сомалары қамтылады.

5. Уәкілетті орган мемлекеттік кірістер органдарының сұрау салуы бойынша осындай сұрау салуды алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Салық кодексіне сәйкес мыналарды:

Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша еңбекпен табылмаған сыйлықақылар бойынша сақтандыру резервтері мөлшерінің Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы қорытындыны;

Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша болмаған залалдар бойынша сақтандыру резервтері мөлшерінің Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы қорытындыны;

Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар бойынша сақтандыру резервтері мөлшерінің Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы қорытындыны;

Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша болған, бірақ мәлімделмеген залалдар бойынша сақтандыру резервтері мөлшерінің Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы қорытындыны ұсынады.

6. Уәкілетті органның қорытындысында сақтандыру резервтерінің мөлшерлері сомаларының сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы себептері көрсетіле

отырып, еңбекпен табылмаған сыйлықақылар, болмаған залалдар, мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар, болған, бірақ мәлімделмеген залалдар бойынша сақтандыру резервтері мөлшерлерінің сомалары бойынша мәліметтер қамтылады, оның нәтижелері мемлекеттік кірістер органдарының салықтық тексеруі барысында қолданылады.

Уәкілетті органның қорытындысы басшы орынбасарының қолы қойылған ілеспе хатпен мемлекеттік кірістер органдарына жіберіледі.

7. Қағидаларға сәйкес мемлекеттік кірістер органдарының сұрау салуы бойынша уәкілетті орган ұсынған ақпаратты және мәліметтерді мемлекеттік кірістер органдары қандай да бір үшінші тарапқа жария етпейді. Мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды адамдары мен қызметкерлері Қағидаларға сәйкес алынған ақпаратты және мәліметтерді салықтық тексерулерді жүзеге асыру мақсатында ғана пайдаланады.

3-тарау. Қорытындыны толтыру жөніндегі түсіндірме

8. Еңбекпен табылмаған сыйлықақылар бойынша сақтандыру резервтері (бұдан әрі – ЕТСП) мөлшерінің Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы қорытынды Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төмендегідей толтырылады:

- 1) 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) 2-бағанда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының БСН көрсетіледі;
- 3) 3-бағанда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы көрсетіледі;
- 4) 4-бағанда жылдарға қатысты тексерілетін салық кезеңі көрсетіледі (КТС бойынша салық кезеңі – 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсан аралығындағы күнтізбелік жыл);
- 5) 5-бағанда тексерілетін салық төлеушінің деректері бойынша есепті кезеңнің соңындағы ЕТСП сомасы көрсетіледі;
- 6) 6-бағанда тексерілетін салық төлеушінің деректері бойынша өткен жылғы есепті кезеңнің соңындағы ЕТСП сомасы көрсетіледі;
- 7) 7-бағанда КТС бойынша шегерімге жатқызылған салық төлеушінің деректері бойынша салық кезеңі үшін ЕТСП бойынша айырма сомасы көрсетіледі ;
- 8) 8-бағанда уәкілетті органның деректері бойынша есепті кезеңнің соңындағы ЕТСП сомасы көрсетіледі;
- 9) 9-бағанда уәкілетті органның деректері бойынша өткен жылғы есепті кезеңнің соңындағы ЕТСП сомасы көрсетіледі;
- 10) 10-бағанда уәкілетті органның деректері бойынша салық кезеңі үшін ЕТСП бойынша айырма сомасы көрсетіледі;

11) 11-бағанда салық төлеушінің деректерімен сәйкессіздік болған жағдайда, себептерін көрсете отырып, ЕТСР сомалары бойынша уәкілетті органның қорытындысы көрсетіледі.

9. Болмаған залалдар бойынша сақтандыру резервтері (бұдан әрі – БЗР) мөлшерінің Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы қорытынды Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төмендегідей толтырылады:

- 1) 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) 2-бағанда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының БСН көрсетіледі;
- 3) 3-бағанда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы көрсетіледі;
- 4) 4-бағанда жылдарға қатысты тексерілетін салық кезеңі көрсетіледі (КТС бойынша салық кезеңі – 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсан аралығындағы күнтізбелік жыл);

- 5) 5-бағанда тексерілетін салық төлеушінің деректері бойынша есепті кезеңнің соңындағы БЗР сомасы көрсетіледі;

- 6) 6-бағанда тексерілетін салық төлеушінің деректері бойынша өткен жылғы есепті кезеңнің соңындағы БЗР сомасы көрсетіледі;

- 7) 7-бағанда КТС бойынша шегерімге жатқызылған салық төлеушінің деректері бойынша салық кезеңі үшін БЗР бойынша айырма сомасы көрсетіледі;

- 8) 8-бағанда есепті кезеңнің соңындағы уәкілетті органның деректері бойынша БЗР сомасы көрсетіледі;

- 9) 9-бағанда уәкілетті органның деректері бойынша өткен жылғы есепті кезеңнің соңындағы БЗР сомасы көрсетіледі;

- 10) 10-бағанда уәкілетті органның деректері бойынша салық кезеңі үшін БЗР бойынша айырма сомасы көрсетіледі;

11) 11-бағанда салық төлеушінің деректерімен сәйкессіздік болған жағдайда, себептерін көрсете отырып, БЗР сомалары бойынша уәкілетті органның қорытындысы көрсетіледі.

10. Мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар бойынша сақтандыру резервтері (бұдан әрі – МРЗР) мөлшерінің Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы қорытынды Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төмендегідей толтырылады:

- 1) 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) 2-бағанда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының БСН көрсетіледі;
- 3) 3-қорытынды нысанының 3-бағанында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы көрсетіледі;

4) 4-бағанда жылдар бойынша тексерілетін салық кезеңі көрсетіледі (КТС бойынша салық кезеңі – 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсан аралығындағы күнтізбелік жыл);

5) 5-бағанда тексерілетін салық төлеушінің деректері бойынша есепті салық кезеңінің соңындағы МРЗР сомасы көрсетіледі;

6) 6-бағанда тексерілетін салық төлеушінің деректері бойынша алдыңғы жылдың есепті кезеңінің соңындағы МРЗР сомасы көрсетіледі;

7) 7-бағанда салық төлеушінің деректері бойынша салық кезеңіндегі МРЗР бойынша айырманың КТС бойынша шегерімге жатқызылған сомасы көрсетіледі;

8) 8-бағанда уәкілетті органның деректері бойынша есепті кезеңнің соңындағы МРЗР сомасы көрсетіледі;

9) 9-бағанда уәкілетті органның деректері бойынша алдыңғы жылдың есепті кезеңінің соңындағы МРЗР сомасы көрсетіледі;

10) 10-бағанда уәкілетті органның деректері бойынша салық кезеңіндегі МРЗР бойынша айырманың сомасы көрсетіледі;

11) 11-бағанда салық төлеушінің деректерімен сәйкес келмеген жағдайда себептерін көрсете отырып, МРЗР сомалары бойынша уәкілетті органның қорытындысы көрсетіледі.

11. Болған, бірақ мәлімделмеген залалдар бойынша сақтандыру резервтері (бұдан әрі – БМЗР) мөлшерінің Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы қорытынды Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төмендегідей толтырылады:

1) 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі;

2) 2-бағанда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының БСН көрсетіледі;

3) 3-бағанда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы көрсетіледі;

4) 4-бағанда жылдар бойынша тексерілетін салық кезеңі көрсетіледі (КТС бойынша салық кезеңі – 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсан аралығындағы күнтізбелік жыл);

5) 5-бағанда тексерілетін салық төлеушінің деректері бойынша есепті кезеңінің соңындағы БМЗР сомасы көрсетіледі;

6) 6-бағанда тексерілетін салық төлеушінің деректері бойынша алдыңғы жылдың есепті кезеңінің соңындағы БМЗР сомасы көрсетіледі;

7) 7-бағанда салық төлеушінің деректері бойынша салық кезеңіндегі БМЗР бойынша айырманың КТС бойынша шегерімге жатқызылған сомасы көрсетіледі;

8) 8-бағанда уәкілетті органның деректері бойынша есепті кезеңнің соңындағы БМЗР сомасы көрсетіледі;

9) 9-бағанда уәкілетті органның деректері бойынша алдыңғы жылдың есепті кезеңінің соңындағы БМЗР сомасы көрсетіледі;

10) 10-бағанда уәкілетті органның деректері бойынша салық кезеңіндегі БМЗР бойынша айырманың сомасы көрсетіледі;

11) 11-бағанда салық төлеушінің деректерімен сәйкес келмеген жағдайда себептерін көрсете отырып, БМЗР сомалары бойынша уәкілетті органның қорытындысы көрсетіледі.

Еңбекпен табылмаған
сыйлықақылар, болмаған
залалдар, мәлімделген, бірақ
реттелмеген залалдар, болған,
бірақ мәлімделмеген залалдар
бойынша сақтандыру
резервтері мөлшерінің
Қазақстан Республикасының
сақтандыру және сақтандыру
қызметі туралы заңнамасында
белгіленген талаптарға
сәйкестігі туралы қорытындыны
ұсыну қағидаларына
1-қосымша
нысан

Еңбекпен табылмаған сыйлықақылар бойынша сақтандыру резервтері мөлшерінің Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы қорытынды

№	Сақтандыру ұйымының деректемелері		Кезең	ЕТСР		
	БСН	Атауы		Салық төлеушінің деректері бойынша есепті салық кезеңінің соңына (___ жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша)	Салық төлеушінің деректері бойынша алдыңғы жылдың есепті салық кезеңінің соңына (___ жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша)	Салық төлеушінің деректері бойынша алдыңғы салық кезеңі үшін ЕТСР бойынша айырма сомасы (5-баған – 6-баған)
1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы

ЕТСР			
Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті	Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті	Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті	Салық төлеуші мен қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органы деректерінің сәйкестігі туралы қаржы

органының деректері бойынша есепті салық кезеңінің соңына (___ жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша)	органының деректері бойынша алдыңғы жылдың есепті салық кезеңінің соңына (___ жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша)	органының деректері бойынша салық кезеңі үшін ЕТСП бойынша айырма сомасы (8-баған – 9-баған)	нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органы қорытындысы (сәйкес келмеген жағдайда, сәйкес келмеу себебін көрсету)
8	9	10	11

(қорытынды жасауға жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Ескерту:

БСН – бизнес – сәйкестендіру нөмірі;

ЕТСП – еңбекпен табылмаған сыйлықақылар бойынша резервтері.

Еңбекпен табылмаған сыйлықақылар, болмаған залалдар, мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар, болған, бірақ мәлімделмеген залалдар бойынша сақтандыру резервтері мөлшерінің Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы қорытындыны ұсыну қағидаларына
2-қосымша
нысан

Болмаған залалдар бойынша сақтандыру резервтері мөлшерінің Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы қорытынды

№	Сақтандыру ұйымының деректемелері		Кезең	БЗР		
	БСН	Атауы		Салық төлеушінің деректері бойынша алдыңғы жылдың есепті салық кезеңінің соңына (___ жылғы 31	Салық төлеушінің деректері бойынша алдыңғы жылдың есепті салық кезеңінің соңына (___ жылғы 31	Салық төлеушінің деректері бойынша алдыңғы салық кезеңі үшін БЗР бойынша айырма

				желтоқсандағы жағдай бойынша)	желтоқсандағы жағдай бойынша)	сомасы (5-баған – 6-баған)
1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы

БЗР						
	Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органының деректері бойынша есепті салық кезеңінің соңына (___ жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша)	Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органының деректері бойынша алдыңғы жылдың есепті салық кезеңінің соңына (___ жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша)	Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органының деректері бойынша салық кезеңі үшін БЗР бойынша айырма сомасы (8-баған – 9-баған)			Салық төлеуші мен қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органы деректерінің сәйкестігі туралы қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органы қорытындысы (сәйкес келмеген жағдайда, сәйкес келмеу себебін көрсету)
8		9	10			11

(қорытынды жасауға жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Ескерту:

БСН – бизнес – сәйкестендіру нөмірі;

БЗР – болмаған залалдар бойынша резервтері.

Еңбекпен табылмаған сыйлықақылар, болмаған залалдар, мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар, болған, бірақ мәлімделмеген залалдар бойынша сақтандыру резервтері мөлшерінің Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы қорытындыны ұсыну қағидаларына 3-қосымша нысан

Мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар бойынша сақтандыру резервтері мөлшерінің Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы қорытынды

№	Сақтандыру ұйымының деректемелері		Кезең	МРЗР		
	БСН	Атауы		Салық төлеушінің деректері бойынша есепті салық кезеңінің соңына (___ жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша)	Салық төлеушінің деректері бойынша алдыңғы жылдың есепті салық кезеңінің соңына (___ жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша)	Салық төлеушінің деректері бойынша алдыңғы салық кезеңі үшін МРЗР бойынша айырма сомасы (5-баған – 6-баған)
1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы

МРЗР			
Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органының деректері бойынша есепті салық кезеңінің соңына (___ жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша)	Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органының деректері бойынша алдыңғы жылдың есепті салық кезеңінің соңына (___ жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша)	Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органының деректері бойынша салық кезеңі үшін МРЗР бойынша айырма сомасы (8-баған – 9-баған)	Салық төлеуші мен қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органы деректерінің сәйкестігі туралы қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органы қорытындысы (сәйкес келмеген жағдайда, сәйкес келмеу себебін көрсету)
8	9	10	11

(қорытынды жасауға жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Ескерту:

БСН – бизнес – сәйкестендіру нөмірі;

МРЗР – мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар бойынша резервтері.

Еңбекпен табылмаған сыйлықақылар, болмаған залалдар, мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар, болған, бірақ мәлімделмеген залалдар бойынша сақтандыру резервтері мөлшерінің Қазақстан Республикасының

сақтандыру және сақтандыру
 қызметі туралы заңнамасында
 белгіленген талаптарға
 сәйкестігі туралы қорытындыны
 ұсыну қағидаларына
 4-қосымша
 Нысан

**Болған, бірақ мәлімделмеген залалдар бойынша сақтандыру резервтері мөлшерінің
 Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы
 заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы қорытынды**

№	Сақтандыру ұйымының деректемелері		Кезең	БМЗР		
	БСН	Атауы		Салық төлеушінің деректері бойынша есепті салық кезеңінің соңына (___ жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша)	Салық төлеушінің деректері бойынша алдыңғы жылдың есепті салық кезеңінің соңына (___ жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша)	Салық төлеушінің деректері бойынша алдыңғы салық кезеңі үшін БМЗР бойынша айырма сомасы (5-баған – 6-баған)
1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы

БМЗР			
Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органының деректері бойынша есепті салық кезеңінің соңына (___ жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша)	Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органының деректері бойынша алдыңғы жылдың есепті салық кезеңінің соңына (___ жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша)	Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органының деректері бойынша салық кезеңі үшін БМЗР бойынша айырма сомасы (8-баған – 9-баған)	Салық төлеуші мен қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органы деректерінің сәйкестігі туралы қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органы қорытындысы (сәйкес келмеген жағдайда, сәйкес келмеу себебін көрсету)
8	9	10	11

(қорытынды жасауға жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Ескерту:

БСН – бизнес – сәйкестендіру нөмірі;

БМЗР – болған, бірақ мәлімделмеген залалдар бойынша резервтері.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК